

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қарашадағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 281-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 15 желтоқсандағы

N 281-ө өкімімен бекітілген

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 1301 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы желтоқсан
2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 1292 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), ҚҚА (келісім бойынша),	

			ҰБ (келісім бойынша), АӨҚОҚРА (келісім бойынша)	2008 жылғы желтоқсан
3	Сатып алу операцияларын және баға интервенциясын жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (агенттердің) тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ (жинақтау), Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы желтоқсан
5	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1309 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 наурыздағы N 272 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИСМ (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы желтоқсан
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 1149 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
8	Электрондық мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай операторды анықтау туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
9	Қорғаныс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қорғанысмині (жинақтау), Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы желтоқсан
10	Дауыс беретін акцияларының жүз пайызы (қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі, оларға иелік ету және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының өнім берушіні таңдау және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін нормаларын қолданбай тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы желтоқсан
11	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде қазақстандық қамтылу көлемі туралы ақпаратты ескере отырып, есептілікті жинау, қорыту және талдау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
12	Мемлекеттік сатып алу жүйесінің субъектілері мен басқа да мүдделі тұлғаларға электрондық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан

13	Мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпараттың сақталу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2008 жылғы желтоқсан
----	--	--	-----------	----------------------

Ескертпе: әріптік аббревиатураларды ң толы қ жазылуы:

Қаржымині	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
АШМ	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы м и н и с т р л і г і
ИСМ	- Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда м и н и с т р л і г і
Қорғанысмині	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
ҚҚА	- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау а г е н т т і г і
АӨҚОҚРА	- Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу а г е н т т і г і
ҰБ	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі